

Тіркеу № 40

2013 жылғы «04» желтоқсан

«Цесна Капитал» АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
БЕКІТІЛДІ, хаттама № 04/12/13-01,
2013 жылғы «04» желтоқсан.

«Цесна Капитал» АҚ-ның Инсайдерлік ақпаратқа билік етуге және оларды пайдалануға ішкі бақылау жасау ережесі

Директорлар кеңесінің шешімімен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар (күні, нөмірі):

	Өзгерістер, толықтырулар енгізілді	Күні	№	Тіркеу №
1		20 __ ж. « __ » _____	№ _____	Тіркеу № _____
2.		20 __ ж. « __ » _____	№ _____	Тіркеу № _____
3.		20 __ ж. « __ » _____	№ _____	Тіркеу № _____
4.		20 __ ж. « __ » _____	№ _____	Тіркеу № _____
5.		20 __ ж. « __ » _____	№ _____	Тіркеу № _____

Директорлар кеңесінің шешімімен күші жойылды деп танылды, хаттама № _____
_____ жылғы « __ » _____.

1. Жалпы ережелер

1. «Цесна Капитал» АҚ-ның Инсайдерлік ақпаратқа билік етуге және оларды пайдалануға ішкі бақылау жасау ережесі (бұдан әрі – Ереже) «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының басқа нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ «Цесна Капитал» АҚ-тың (бұдан әрі – қоғам, эмитент) ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді.

2. Осы Ереженің мақсаты болып Қазақстан Республикасының инсайдерлік ақпараттарды пайдалану мәселелерін реттейтін заңнама нормаларын сақтауды қамтамасыз ету, сондай-ақ инсайдерлік ақпаратты құрайтын мәліметтерді пайдаланудың алдын алу табылады.

3. Ереже инсайдерлік ақпаратты құрайтын мәліметтердің мыналардың көмегі арқылы сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған: инсайдерлік ақпаратқа билік етуге және оны пайдалануға бақылау жасау тәртібін белгілеу, оны ашу тәртібі мен талаптарын белгілеу, инсайдерлер тізімін жасау, инсайдерлерге белгіленген шектеулерді анықтау, сондай-ақ инсайдерлік ақпараттарды ашқаны үшін жауапкершілік белгілеу.

4. Осы Ережеде реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына және/немесе Қоғамының ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес реттеледі.

5. Осы Ережені Қоғамының барлық бөлімшелері орындауға міндетті.

6. Инсайдерлер болып табылатын тұлғалардың Қазақстан Республикасы заңнамасының және осы Ереженің инсайдерлік ақпаратқа қатысты талаптарын орындауын қамтамасыз ету мақсатында инсайдерлік ақпараттарға билік ету және оларды пайдалануға қатысты осы Ереже мемлекеттік және орыс тілдерінде Қоғамының интернет ресурстарына орналастырылады, сондай-ақ Қоғамының инсайдерлеріне олардың сұраныстары бойынша ондай сұранысты алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде берілуі мүмкін.

7. Осы Ережеде пайдаланылатын негізгі түсініктемелер мен қысқартулар

1) инсайдерлік ақпарат – бағалы қағаздар, олармен мәмілелер, сондай-ақ Қоғам, оның жүзеге асыратын қызмет туралы, коммерциялық құпияны құрайтын сенімді ақпарат, сондай-ақ үшінші тұлғаларға мәлім емес, оны ашу бағалы қағаздардың құнының өзгеруіне және Қоғамының қызметіне әсер етуі мүмкін басқа ақпарат;

2) инсайдер – инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар тұлға;

3) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті;

4) БАҚ – бұқаралық ақпарат құралдары;

5) ҚҚБ – Қазақстан қор биржасы

2. Инсайдерлік ақпарат

8. Қоғамның инсайдерлік ақпаратына төмендегідей ақпарат жатады:

1) бағалы қағаздарды ұстаушылардың мүдделерін тиек ететін Қоғамның қызметіндегі өзгерістер туралы ақпарат, «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында 2 тармақтың 102 бапта көрсетілген:

- эмитент органдары құрамының өзгерістері;
- эмитенттің дауыс беретін акцияларының он және одан да көп процентін иеленетін акционерлер құрамының өзгерістері;
- эмитенттің, оның еншілес ұйымдарының және тәуелді акционерлік қоғамдарының қайта ұйымдастырылуы немесе таратылуы;
- эмитенттің мүлкіне тыйым салынуы;

• осы эмитент активтерінің он және одан көп пайызын құрайтын сомада эмитент мүлкін кепілге (қайта кепілге) беру;

- эмитент лицензиясының алынуы, тоқтатыла тұруы немесе одан айыру;
- эмитент акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі;
- эмитент әрбір осындай ұйым акцияларының он және одан да көп процентін (үлесін, пайын) иеленетін ұйымдар тізіміндегі өзгерістер;
- эмиссиялық бағалы қағаздар шығару проспектісіне өзгерістер;
- эмитенттің мемлекеттік емес облигацияларды шығару проспектісінде көзделген талаптарды сақтамауы, осы эмитент жол берген дефолт фактілері туралы ақпарат эмитент қызметіндегі бағалы қағаздарды ұстаушылардың мүдделері қозғалатын өзгерістер деп танылады.

2) Қоғамның корпоративтік оқиғалары туралы ақпарат тізбесі «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында 1 тармақтың 79 бапта тағайында:

• бұл мәселелер туралы ақпаратты қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес акционерлердің және инвесторлардың назарына жеткізуге тиіс, акционерлердің жалпы жиналысы және директорлар кеңесі олардың тізбесі бойынша қабылдаған шешімдер;

• қоғамның акциялар мен басқа да бағалы қағаздарды шығаруы және уәкілетті органның қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру қорытындылары туралы есептерін, қоғамның бағалы қағаздарын өтеу қорытындылары туралы есептерін бекітуі, уәкілетті органның қоғамның бағалы қағаздарының күшін жоюы;

• қоғамның ірі мәмілелерді және жасалуына қоғам мүдделі мәмілелерді жасасуы;

• осы қоғам активтерінің бес және одан да көп пайызын құрайтын сомаға қоғамның мүлкін кепілге (қайта кепілге) беруі;

• қоғамның өз капиталының жиырма бес және одан да көп проценті болатын мөлшерде қоғамның қарыз алуы;

• қызметтің қандай да түрін жүзеге асыруға қоғамның лицензиялар алуы, қызметтің қандай да бір түрін жүзеге асыруға қоғамның бұрын алған лицензиялары қолданылуының тоқтатыла тұруы немесе тоқтатылуы;

• қоғамның заңды тұлға құруға қатысуы;

• қоғам мүлкіне тыйым салынуы;

• нәтижесінде баланстық құны қоғам активтерінің жалпы мөлшерінің он және одан да көп проценті болатын қоғам мүлкі жойылған төтенше сипаттағы мән-жайлардың туындауы;

• қоғамның және оның лауазымды адамдарының әкімшілік жауапқа тартылуы;

• сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалуы;

• қоғамды мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру туралы шешімдер;

• қоғамның жарғысына, сондай-ақ қоғамның бағалы қағаздар шығару проспектісіне сәйкес қоғам акционерлерінің және инвесторлардың мүдделерін қозғайтын өзге де оқиғалар туралы ақпаратты жеткізуге міндетті.

3) Қоғамның жарияланбаған қаржылық есептілігі;

4) қаржылық есептіліктен басқа Қоғамның қаржылық жай-күйіне қатысты ақпараттар, пруденциалдық нормативтерді сақтау туралы мәліметтерді қоса алғанда, және олармен шектелмей;

5) Қоғамның инсайдерлік ақпаратына жатқызылған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес инсайдерлік ретінде анықталған басқа ақпарат.

9. Инсайдерлік ақпарат туындаған сәттен бастап және Қазақстан Республикасының заңнамасына және/немесе осы Ережеге сәйкес тұлғалардың шектелмейтін тобына жарияланған сәттен бастап инсайдерлік ақпарат болып табылады.

10. Мыналар инсайдерлік ақпаратқа жатпайды:

1) инвестициялық шешімдер қабылдау және (немесе) бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) операцияларды жүзеге асыру туралы ұсынымдар немесе ұсыныстар әзірлеу мақсатында жасалған бағалы қағаз (туынды қаржы құралы) құнына, эмитенттің мүліктік жағдайына қатысты зерттеуді, болжауды және бағалауды қоса алғанда, жалпыға қолжетімді мәліметтер негізінде әзірленген ақпарат;

2) бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған ақпарат;

3) дерек көзі беймәлім, қалың қауымға таралатын, расталмаған ақпарат, сондай-ақ эмитенттің ағымдағы немесе жоспарланған қызметіне қатысты болжамдар.

3. Қоғамның инсайдерлері. Инсайдерлер тізімін жүргізу.

11. Қоғамның инсайдерлері деп төмендегідей тұлғалар танылады:

1) Қоғамның олардың функционалдық міндеттері және өкілеттігі себепті инсайдерлік ақпараттарына қолжетімділігі бар лауазымдық тұлғалары, басшы қызметкерлері және қызметкерлері.

Қоғамның инсайдерлеріне жатқызылған тұлғалар Қоғаммен жасасылған еңбек шартының/қызметтер көрсету шартының әрекет ету мерзімі өткенге дейін инсайдерлер болып табылады;

2) осы тармақтың 1)-тармақшасында көзделмеген, инсайдерлік ақпаратқа Қоғамның тұрақты және (немесе) уақытша әрекет ететін органының тиісті жобасына/жұмыс тобына қатысуы/мүше болуы себепті инсайдерлік ақпаратқа уақытша қолжетімділігі бар Қоғамның қызметкерлері және басқа тұлғалары.

Қоғам инсайдерлерінің аталған санатына жататын тұлғалар олар қолжетімділік алған инсайдерлік ақпарат ашылғанға дейін инсайдерлер болып табылады;

3) Қоғамның он және одан артық процент дауыс беретін акцияларына (жарғылық капиталдағы үлесіне) тікелей немесе жанама иелену, пайдалану және (немесе) билік ету күшіне қарай инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар тұлғалар;

4) аудиторлық ұйым, бағалаушы, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары және Қоғамға олардағы инсайдерлік ақпараттарды ашу талаптарымен жасасылған шарттарға (оның ішінде ауызша) сәйкес қызмет көрсететін басқа тұлғалар;

5) бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің қызметіне мемлекеттік бақылау және қадағалау жасау жөніндегі олардың функцияларына орай инсайдерлік ақпараттарға қолжетімділігі бар мемлекеттік қызметшілер;

6) Қоғам және оларға берілген өкілеттіктерге сай инсайдерлік ақпараттарға қолжетімділік берілген осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көзделген ұйымдар мүшелері болып табылатын қоғамдық бірлестіктер мен өздігінен реттелетін ұйымдар;

7) өздерінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне сай инсайдерлік ақпараттарға қолжетімділігі бар, осы тармақтың 3), 4) және 6)-тармақшаларында көзделген ұйымдардың қызметкерлері;

8) осы тармақтың 1)-7)-тармақшаларында көзделген тұлғалардан инсайдерлік ақпараттар алған тұлғалар.

12. Қоғам және ол шығарған бағалы қағаздар туралы инсайдерлік ақпаратқа билік ету және оларды пайдалануға бақылау жасау мақсатында Қоғам осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша осы Ереже 11-тармағының 1)-4)-тармақшаларында

көзделген тұлғалардың тізімін (бұдан әрі – инсайдерлердің тізімі) жүргізеді және оны өзекті түрде ұстайды.

Инсайдерлердің тізімі, олардағы өзгерістер және (немесе) толықтырулар Қоғамның Басқармасымен бекітілуі тиіс.

13. Қоғам инсайдерлер тізіміне енгізілген тұлғаларды олардың инсайдерлер тізіміне енгізілгені (тізімнен шығарылғаны), «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының және осы Ереженің инсайдерлік ақпараттарға билік ету және оларды пайдалану бөлігіне қатысты талаптары туралы инсайдерлерге осы Ережеге 2-қосымшаға (бұдан әрі – хабарлама) сәйкес нысан бойынша хабарлама жөнелту арқылы хабардар етеді.

14. Инсайдерлер тізімін жүргізу, оны өзекті қалыпта ұстау, инсайдерлік ақпараттарға қолжетімділік алған тұлғаларды хабардар ету, оларды инсайдерлер тізіміне енгізу (тізімнен шығару), инсайдерлерді Қазақстан Республикасының инсайдерлік ақпараттарға билік ету және оларды пайдалану бөлігіне қатысты заңнамасының және осы Ереженің талаптары туралы ақпараттандыру, Қоғамның инсайдерлеріне осы Ереженің көшірмесін беру үшін жауапты бөлімше болып заңгер табылады.

Тұлғаны инсайдерлер тізіміне енгізу немесе одан шығару туралы хабарламаны заңгер инсайдерлер тізіміне енгізілген тұлғаға тікелей тапсырады немесе көзделген тұлғаның белгілі мекенжайына ол тұлғаның аталған хабарламаны алу фактісін растауға мүмкіндік беретін тәсілмен, тұлғаны тізімге енгізу (тізімнен шығару) үшін негіздеме туындаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, бірақ кез келген жағдайда заңгер тұлғаны инсайдерлер тізіміне енгізу немесе инсайдерлер тізімінен шығару қажеттілігі туралы ақпаратты алған күннен бұрын емес мерзімде тапсырады.

15. Қоғамның инсайдерлер тізімін уәкілетті органға оның талабы бойынша ұсынуға міндетті.

16. Қоғамның уәкілетті органға ұсынатын инсайдерлер тізімі Қоғамның инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар тұлғалар туралы мынадай мәліметтерден тұруы керек:

- 1) тұлғаның тегі, аты, бар болған кезде – әкесінің аты, туған күні;
- 2) заңды тұлғаның атауы, оның орналасқан жері, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуін (қайта тіркелуін) растайтын құжаттың деректемелері;
- 3) оған сәйкес тұлға инсайдер ретінде белгіленген, инсайдерлер тізіміне тұлғаны енгізу үшін негіздеме;
- 4) инсайдерлер тізіміне енгізу үшін негіздеме туындаған күн;
- 5) инсайдерлер тізімінен шығару күні.

17. Қоғамның инсайдерлер тізімі сонымен бірге инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділік сипаты (тұрақты немесе уақытша) туралы, Қоғамның инсайдерге ақпарат жөнелтуі және Қоғамның инсайдер инсайдерлік ақпаратты жарияламау туралы міндеттемеден тұратын хабарламаны қол қойып алғаны туралы ақпараттан тұрады.

18. Қоғамға қатысты инсайдерлер болып табылатын, осы Ереже 11-тармағының 3), 4), 6)-тармақшаларында көзделген тұлғалар Қазақстан Республикасы заңнамасының және осы Ереженің 21-тармағы 3)-тармақшасының талаптарын орындау мақсатында Қоғамға өздерінің қызметтік жай-күйіне және еңбек міндеттеріне қарай инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар қызметкерлерінің тізімін мұндай тізім қалыптастырылған немесе оған өзгерістер енгізілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынуға міндетті.

19. Инсайдерлер тізімінен шығарылған тұлғалар туралы мәліметтер олар инсайдерлер тізімінен шығарылған күннен бастап 5 (бес) жыл ішінде сақталады.

4. Контроль за распоряжением и использованием инсайдерской информации

20. Инсайдерлердің:

- 1) инсайдерлік ақпаратты бағалы қағаздармен мәмілер жасау кезінде пайдалануға;
- 2) инсайдерлік ақпаратты Қазақстан Республикасының заңдарында қарастырылған жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғаларға беруге немесе оны үшінші тұлғалар үшін қолжетімді етуге;
- 3) үшінші тұлғаларға инсайдерлік ақпараттарға негізделген бағалы қағаздармен мәмілелер жасау туралы ұсынымдар беруге құқығы жоқ.

21. Осы Ереже 11-тармағының 3) 4), 6)-тармақшаларында көзделген инсайдерлер:

- 1) өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне қарай Қоғамның инсайдерлік ақпараттарына қолжетімділігі бар өз қызметкерлерінің тізімін жүргізуге;
- 2) өзінің қызметкерлерін Қазақстан Республикасы заңнамасының және осы Ереженің инсайдерлік ақпаратты пайдалануға тыйым салу бөлігіне қатысты талаптары туралы ақпараттандыруға;
- 3) Қоғамды қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне қарай Қоғамның инсайдерлік ақпараттарына қолжетімділігі бар өзінің қызметкерлері туралы осы Ережеде белгіленген тәртіпте және мерзімде ақпараттандыруға міндетті.

22. Инсайдерлер үшінші тұлғалардың және олардың қызметтік міндеттерін орындау үшін мұндай ақпарат қажет етілмейтін өзінің қызметкерлері тарапынан Қоғамның инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігін шектеу үшін қажетті шаралар қолдануға міндетті.

23. Инсайдерлік ақпаратты рұқсатсыз ашу қаупі туындаған немесе ондай факт белгіленген жағдайда не Қоғамның инсайдерлік ақпаратынан тұратын құжаттар (ақпарат таратушылар) жоғалтылған жағдайда, инсайдер ол туралы Қоғамға дереу хабарлауға міндетті.

24. Қоғамның жауапты бөлімшелерінің басшылары, Қоғамның инсайдерлік ақпараттарға қолжетімділігі бар қызметкерлері өзінің қызметтік міндеттерін орындау үшін мұндай ақпараттар қажет емес Қоғамның басқа қызметкерлері, сондай-ақ үшінші тұлғалар тарапынан мұндай ақпараттарға қолжетімділігін шектеу үшін қажетті шаралардың қабылдануын қамтамасыз етуге міндетті.

25. Инсайдерлік ақпаратты рұқсатсыз ашу қаупі немесе фактісі не инсайдерлік ақпараттан тұратын құжаттың (ақпарат таратушылардың) жоғалғаны белгіленген кезде, инсайдер – Қоғамның қызметкері өзінің тікелей басшысын, ал ол өз кезегінде ол туралы Қоғамының заңгерін және Басқарма Төрағасын хабардар етеді.

26. Инсайдерлік ақпараттарға қолжетімділігі бар Қоғамның қызметкерлері инсайдерлік ақпараттарға қолжетімділігі жоқ тұлғалардың қатысуында инсайдерлік ақпаратқа қатысты пікірталас жүргізбеуі тиіс.

27. Инсайдерлік ақпарат пайдаланылуы мүмкін талдаушылармен, инвесторлармен кездесулерге тек Қоғамның басшылары не мұндай әрекеттерге Қоғам Басқарма Төрағасының арнайы уәкілеттілік берілген тұлғалар (бұдан әрі – уәкілетті тұлғалар) ғана қатыса алады, сондай-ақ тек олар ғана БАҚ-қа ресми интервью береді.

5. Инсайдерлік ақпаратты ашу тәртібі

28. Инсайдерлік ақпаратты ашу оны Қоғамның интернет ресурсында - – **www.tscapital.kz**, ҚҚБ және қаржылық есептіліктің депозитарийінің интернет ресурстарында (Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) осы Ережеде) орналастыру және (немесе) аптасына үш реттен кем шықпайтын «Қазақстанская правда» және «Егемен Қазақстан» газеттерінде мемлекеттік және орыс тілдерінде барлық мүдделі тұлғалар үшін ашық қолжетімділікте жариялау арқылы жүзеге асырылады.

29. Осы Ереже 8-тармағының 1)-тармақшасында көзделген оның бағалы қағаздарын ұстаушылардың мүддесін қозғайтын Қоғамның қызметіндегі өзгерістер туралы инсайдерлік ақпарат Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамаға сәйкес анықталған қаржылық есептілік депозитарийінің (қаржылық есептіліктің депозитарийі) интернет ресурстарында орналастырылады және мұндай өзгерістер туындаған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Қоғамның интернет ресурсында жарияланады.

30. Осы Ереже 8-тармағының 2)-тармақшасында көзделген Қоғамның корпоративтік оқиғалары туралы инсайдерлік ақпарат қаржылық есептілік депозитарийінің интернет ресурсында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде орналастырылады.

31. Оларды ашу мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) сауда ұйымдастырушыларының ережесінде белгіленбеген басқа инсайдерлік ақпаратты Қоғам егер мұндай ақпаратты заңсыз тарату немесе мұндай ақпараттың жылыстауы Қоғамның бағалы қағаздарының құнының өзгеруіне немесе оның қызметіне әсер ететін болса, ең қысқа мерзімде ашуы тиіс.

32. Инсайдерлік ақпаратты осы Ережеде белгіленген бірнеше БАҚ-та орналастыру (жариялау) арқылы ашу кезінде инсайдерлік ақпаратты ашу күні болып инсайдерлік ақпаратты БАҚ-та алғашқы орналастыру (жариялау) күні саналады.

33. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес инсайдерлік ақпаратты БАҚ-та ашу қажет болса, тиісті бөлімше маркетинг бөлімшесі арқылы осы Ережеде белгіленген БАҚ-та инсайдерлік ақпараттың мезгілімен ашылуын қамтамасыз етеді.

6. Инсайдерлік ақпараттарды заңсыз пайдалану үшін жауапкершілік

34. Осы Ереженің 4-тарауында көзделген шектеулерді сақтамаған, инсайдерлік ақпараттарды заңсыз пайдалану және тарату жағдайларында мұндай бұзушылықтарға жол берген тұлғалар азаматтық-құқықтық, әкімшілік және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған басқа жауапкершілікке тартылады. Қоғамның қызметкерлері болып табылатын инсайдерлер сонымен бірге Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес тәртіптік жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

7. Қорытынды ережелер

35. Осы Ереже Қазақстан Республикасы заңнамасының өзгеруіне және/немесе толықтырылуына қарай өзгеруі және/немесе толықтырылуы тиіс.

36. Осы Ереженің талаптарын бұзу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікте ұшыратады.

«Цесна Капитал» АҚ
 Директорлар кеңесінің шешімімен
 Бекітілген
 хаттама № 04/12/13-01, «04» желтоқсан 2013 ж.
 «Цесна Капитал» АҚ-ның
 Инсайдерлік ақпаратқа билік етуге және
 оларды пайдалануға ішкі бақылау жасау ережесіне
 1-қосымша

«Цесна Капитал» АҚ-ның инсайдерлерінің тізімі

Қалыптастыру күні:

Жаңарту күні:

Инсайдерлер тізімін жүргізуге жауапты тұлға:

№	ТАӘ, лауазымы, заңды тұлғаның атауы	Жеке тұлғаның туған күні, орналасқан жері, заңды тұлғаның мемтіркеуін (қайта тіркеуін) растайтын құжаттың деректемелері	Тізімге енгізу негіздемесі	Тізімге енгізу негіздемесі туындаған күн	Тізімнен шығару күні	Инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділік сипаты (тұрақты/уақытша)	Қоғамның инсайдерге хабарлама жібергені туралы белгі	Инсайдер хабарламаны алды және қол қойды
1								

*«Цесна Капитал» АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
Бекітілген
хаттама № 04/12/13-01, «04» желтоқсан 2013 ж.
«Цесна Капитал» АҚ-ның
Инсайдерлік ақпаратқа билік етуге және
оларды пайдалануға ішкі бақылау жасау ережесіне
2-қосымша*

Құпия

«Цесна Капитал» АҚ инсайдерлерінің тізіміне тұлғаны енгізу туралы хабарлама

«__» _____ 20__ ж.

Сіздің «Цесна Капитал» АҚ-тың (бұдан әрі - Қоғам) инсайдерлік ақпараттарына қолжетімділігіңіз болғандықтан, Сіз Қазақстан Республикасы заңнамасының және «Цесна капитал» АҚ-ның Инсайдерлік ақпаратқа билік етуге және оларды пайдалануға ішкі бақылау жасау ережесінің талаптарына сәйкес Қоғамның инсайдерлер тізіміне енгізілдіңіз.

Инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігіңіз тоқтатылған кезде, Сіз Қоғамның инсайдерлер тізімінен шығарыласыз, ол туралы жазбаша хабарланасыз.

Инсайдерлік ақпарат – бағалы қағаздар, олармен мәмілелер, сондай-ақ Қоғам, ол жүзеге асыратын қызмет туралы, коммерциялық құпияны құрайтын сенімді ақпарат, сондай-ақ үшінші тұлғаларға мәлім емес, оны ашу бағалы қағаздардың құнының өзгеруіне және Қоғамның қызметіне әсер етуі мүмкін басқа ақпарат.

Қоғам инсайдерлік ақпараттарға қолжетімділік алған тұлғаларды мұндай ақпаратты иеленудің құқықтық салдарымен, оның ішінде инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалану немесе тарату үшін қолданылатын шаралармен таныстыру бойынша қажетті шараларды қабылдауға міндетті.

Инсайдерлік ақпаратты пайдалануға шектеулер

Қоғамның инсайдері бола тұрып Сіздің:

- 1) инсайдерлік ақпаратты бағалы қағаздармен мәмілер жасау кезінде пайдалануға;
- 2) инсайдерлік ақпаратты Қазақстан Республикасының заңдарында қарастырылған жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғаларға беруге немесе оны үшінші тұлғалар үшін қолжетімді етуге;
- 3) үшінші тұлғаларға инсайдерлік ақпараттарға негізделген бағалы қағаздармен мәмілелер жасау туралы ұсынымдар беруге құқығыңыз жоқ.

Құпиялылықты сақтау туралы міндеттеме

Қазір Сіз иеленетін немесе болашақта иеленетін инсайдерлік ақпарат қатаң құпия болып табылады және үшінші тұлғаларға таралмауы керек. Сіз инсайдерлік ақпараттарға

уәкілеттігі жоқ тұлғалардың қолжетімділігін шектеу бойынша барлық қолжетімді шараларды қолдануыңыз керек.

Инсайдерлік ақпаратты заңсыз қолданғаны үшін жауапкершілік

Жоғарыда көзделген шектеулерді сақтамаған, инсайдерлік ақпараттарды заңсыз пайдаланған және таратқан жағдайда, Сіздің азаматтық-құқықтық, әкімшілік және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған басқа жауапкершілікке тартылуыңыз, сонымен қатар егер Сіз Қоғамның қызметкері болсаңыз, Сізге қатысты Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес тәртіптік жазалар қолданылуы мүмкін.

Осы хатқа қол қоя отырып, Сіз инсайдерлерге қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген, жоғарыда көзделген шектеулерді қабылдайтындығыңызды, сондай-ақ инсайдерлік ақпаратты таратпау туралы жоғарыда көзделген міндеттерді қабылдайтындығыңызды және инсайдерлік ақпараттарды заңсыз пайдаланғаныңыз және таратқаныңыз үшін жауапкершілік шараларымен танысқаныңызды растайсыз.

Осы хабарламаға қол қоюыңызды және қол қойған көшірмені Қоғамға осы хабарламаны алған күннен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірмей кері қайтаруыңызды сұраймыз.

(ТАӘ, қолы)

(күні)